

Диссертациялық кеңес  
туралы үлгі ережеге  
1-қосымша

**Диссертациялық кеңестің 2016 жылғы жұмысы туралы  
ЕСЕБІ**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы  
«6D020300 – Тарих», «6D020800 – Археология және этнология»,  
«6D021200 – Түркітану» мамандықтары бойынша  
диссертациялық кеңесі

**Диссертациялық кеңестің төрағасы Б.Б.Карибаев Әл-Фараби  
атындағы ҚазҰУ ректорының 2016 жылғы 31 наурыз №103  
бұйрығымен бекітілген.**

Диссертациялық кеңеске  
«6D020300 – Тарих» мамандығы бойынша;  
«6D020800 – Археология және этнология» мамандығы бойынша;  
«6D021200 – Түркітану» мамандығы бойынша  
диссертация қорғауды қабылдауға рұқсат берілген.

**1. Өткізілген отырыстың саны -3.**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры  
Ғ.Мұтановтың «Диссертациялық кеңестерді құру және төрағаларын бекіту»  
туралы бұйрығының (2016 жылғы 31 наурыз, № 103 бұйрық) және  
диссертациялық кеңестің құрамын бекіту туралы хаттамасының (2016 жылғы  
25 сәуір, № 9 хаттама) негізінде философия докторы (PhD) дәрежесін беру  
жөніндегі «6D020300 – Тарих», «6D020800 – Археология және этнология»,  
«6D021200 – Түркітану» (тарих ғылымдары) мамандықтар тобы бойынша  
диссертациялық кеңестің бекітілген мүшесі – 12 адам.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы «6D020300 –  
Тарих», «6D020800 – Археология және этнология», «6D021200 – Түркітану»  
мамандықтары бойынша диссертациялық кеңесі 2016 жылы жалпы саны - 3  
мәжіліс өткізді. Алғашқы мәжіліс 01.06. 2016 ж. күні өтті. Күн тәртібінде  
ұйымдастыру мәселелері және ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы  
бақылау комитеті «Диссертациялық кеңес туралы үлгі ережесін бекіту  
туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы  
31 наурыздағы №126 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» өзгерістермен  
таныстыру мәселелері қаралды.

Диссертациялық кеңестің екінші мәжілісі 07.11. 2016 ж. күні өткізілді.  
Күн тәртібінде Шалқаров Данияр Балтабаевичтің «6D021200 – Түркітану»  
мамандығы бойынша философия докторы (Ph.D) дәрежесін алу үшін  
ұсынылған «Орталық Азияда матуридийа тарихындағы Хусам ад-дин ас-  
Сығнақидің алатын орны» тақырыбындағы диссертациясын қорғауға

кабылдау мәселесі қаралып, талқыланып, қорғауға алу туралы оң шешім қабылданды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы «6D020300 – Тарих», «6D020800 – Археология және этнология», «6D021200 – Түркітану» мамандықтары бойынша диссертациялық кеңесінің кезекті үшінші мәжілісі 2016 жылдың 16 қараша күні өткізіліп, «6D021200 – Түркітану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған докторант Шалқаров Данияр Балтабаевичтің «Орталық Азияда матуридийа тарихындағы Хусам ад-дин ас-Сығнақидің алатын орны» тақырыбындағы диссертациясын көпшілік алдындағы қорғауы тыңдалып, ҚР БЖҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетіне Шалқаров Данияр Балтабаевичтің «6D021200 – Түркітану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық екендігіне өтініш беру туралы қаулы қабылданды.

## **2. Өткізілген отырыс санының жартысынан кеміне қатысқан кеңес мүшелерінің тегі (фамилиясы).**

1) Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Ғылыми Кеңесінің 31.10. 2016 ж. №2 хаттамасына сәйкес Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы «6D020300 – Тарих», «6D020800 – Археология және этнология», «6D021200 – Түркітану» мамандықтары бойынша диссертациялық кеңестің «6D020800 – Археология және этнология» мамандығы бойынша мүшесі т.ғ.д., профессор Толеубаева Кульжазира Мейрамқызының мезгілсіз қайтыс болуына байланысты орнына кеңеске мүше етіп Орталық Азия университетінің (Алматы қаласы) профессоры, т.ғ.д. Байғонақов Досбол Сүлейменұлы;

2) Диссертациялық кеңестің «6D021200 – Түркітану» мамандығы бойынша мүшесі т.ғ.д., профессор Нәзира Дәуітбекқызы Нұртазинаның жұмыс орнының ауысуына байланысты кеңес құрамынан шығарылып, орнына Халықаралық Бизнес Университетінің (Алматы қаласы) профессоры, т.ғ.д. Абдиров Мұрат Жеткергенұлы кіргізілді.

## **3. Оқу орны көрсетілген докторанттар тізімі.**

Шалқаров Данияр Балтабаевич, мамандық шифры: «6D021200 – Түркітану» мамандығы (2013-2016), шығыстану факультеті, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ.

## **4. Мынадай бөлімдері белгіленіп көрсетілген, есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау: - қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау;**

Диссертациялық жұмыс ортағасырдағы ортаазиялық түркі халықтарының сенім-нанымы, рухани мәдениет түсініктері, дүниетанымдары мен олардың сенімдік бағыттары жөніндегі тарихи мағлұматтармен таныстырады. Ортағасыр кезеңіндегі түркі әлеміндегі рухани өмір мен тарихи-саяси құбылыстардан хабардар етеді. Ғылыми жұмыста сығанақтық ғалым Хусам ад-диннің (XIV ғ.) «ат-Тасдид фи шарх ат-тамһид» шығармасының мазмұны мен оның түркі даласындағы маңыздылығы қарастырылады.

- диссертация тақырыбының ұлттық мемлекеттік бағдарламалармен,

**сондай-ақ республикалық мақсатты және өңірлік ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламалармен байланысы;**

Қорғалған диссертациялық жұмыс ұлттық мемлекеттік бағдарламалармен, сондай-ақ республикалық мақсатты және өңірлік ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламалармен байланысы жоғары. - қаралған жұмыстардың ғылыми нәтижелерінің пайдалану деңгейіне, нақты жұмыстар нәтижелерін кеңінен енгізу жөніндегі ұсыныстарға талдау.

Д.Б. Шалқаровтың диссертациясында қол жеткізілген ғылыми нәтижелер, тың тұжырымдар мен түйіндер еліміздің түркітану, деректану саласындағы зерттеулерді толықтыра түседі. Диссертациялық жұмыста қарастырылған деректану фактілері мен түркі деректерін түркі әлемінің ортағасыр кезеңіндегі тарихи мұраларын зерттеу барысында қолданысқа енгізуге болады. Жұмыстың ғылыми теориялық, практикалық қырларын Орталық Азиядағы түркі халықтарының діни ұстаным дәстүрлері мен тарихи мұрасының, халықаралық жағдайдың тарихы мен тарихнамасын, деректану мен дінтану, түркітану салаларында оқу құралдарын, дәріс пен семинар сабақтарын құрастыру үшін пайдалануға болады.

**5. Рецензенттердің жұмысына талдау (мейлінше сапасыз пікірлерді мысалға ала отырып).** Диссертациялық кеңес тарапынан ұсынылған рецензенттер БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, Дінтану бөлімінің меңгерушісі және Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университетінің PhD докторы, доценті м.а болып табылады. Рецензенттер ұсынылған диссертациялық жұмысқа негізді сын-пікірлерін білдіріп, PhD докторант тарапынан жасалған ғылыми-зерттеу жұмысы ЖОО талаптарына сай, ғылыми деңгейі жоғары және тәжірбиелік қолданыста кеңінен қолдану мүмкіншілігі бар екендігін көрсетеді.

**6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар.**

PhD докторанттың ғылыми жұмыстарда ғылыми-сараптау жұмыстарына бейім екендігі айқын байқалады.

**7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесіне ізденушілердің қаралған диссертациялары туралы деректер.**

	6D020300 – Тарих»	«6D020800 – Археология және этнология»	«6D021200 – Түркітану»
Қараудан алынып тасталған диссертациялар	-	-	-
Оның ішінде диссертациялық кеңестің алып тастағандары	-	-	-
Рецензенттердің теріс пікірін алған	-	-	-

диссертациялар			
Қорғау қорытындысы бойынша оң нәтиже алғандары	-	-	1
Оның ішінде басқа оқу орындарынан	-	-	-
Қорғау қорытындысы бойынша теріс шешім алғандары	-	-	-
Оның ішінде басқа оқу орындарынан	-	-	-
Қорғалған диссертациялардың жалпы саны	-	-	1
Оның ішінде басқа оқу орындарынан	-	-	-

Диссертациялық кеңестің  
төрағасы, т.ғ.д., профессор



Диссертациялық кеңестің  
ғалым хатшысы, т.ғ.д., профессор

А.Б. Қалыш